

## **СҰХБАТ АЛУ ӘДІСІ**

Алдын ала белгіленген жоспар бойынша екі адам арасындағы сұхбат. Сұхбат - психологиялық вербалды-коммуникативтік әдіс. Сұхбат қызықтыратын тақырып бойынша - білім алу, ақпарат жинақтау және тәжірибемен бөлісу мақсатында алынып, сапалы мәліметтерді жинақтайды. Терең интервью алуда үлкен білімділікті қажет етеді. Сұхбат алудың бірнеше түрлері де бар: формальды, ашық, жабық, еркін.

Ғылыми зерттеу жүргізу барысында сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін сұхбат алу әдісін қолданған жөн. Зерттелініп отырған зерттеу саласында белгілі бір деңгейде қол жеткізген ғалыммен сұхбат құру сапалы зерттеудің алғышарты бола алады. Сапалы зерттеу әдісі болатындығы анық.

Әр сұхбаттың өзіндік құрылымы, сұрақ түрлері, сұхбатты жүргізу кезеңдері, мақсаты мен міндеттері болады. Сұхбат алушы мен оған қатысушы арасында байланыс орнап, сұхбат беруші өзінің өмірлік тәжірибесімен, ұстанымы, ойымен бөліседі. Онлайн білім алу заманында әлеуметтік желілерде сұхбат алу трендке айналды.

Фокус топтағы сұхбаттарда ғылыми зерттеу әдістерінің кең тараған түрі. Бұл тақырыпқа сай іріктелген, маманданған сұхбаттың түрі. Дегенмен, сұхбат алу барысында сұрақ қоя білуде алдын ала даярлықты қажет етеді.

Философия ғылымының тарихында Антика заманынан бері қолданылып келеді. Шәкірт пен ұстаз арасындағы сұхбатқа негізделген трактаттар көп кездеседі. Соңғы уақытта YouTube платформасында әртүрлі форматтағы сұхбаттар көбейді.

Оқытушы өз саласының биік шыңына шыққан маманмен студенттер алдында сұхбат алуына толық мүмкіндік бар. Сұхбат барысында ғылымда жеткен жетістігі ашылады. Сұхбаттың хабарламалы және түсіндірмелі түрі бар.

Әңгіме-сұхбат жеке-жеке әрбір студентпен немесе топпен де жүргізіледі. Сұхбат алу кезінде ашық, жабық сұрақтарда қойылады.

Сұхбат алушының мақсат, міндеттеріне сәйкес алдын ала сұрақтар әзірленіп, жоспар құрылады.

Мысалы, студенттерге белгілі бір тақырыпқа сай театр режиссерінен сұхбат алу тапсырылады. Сұхбатқа әзірлену кезінде студенттің осы тақырыпта, сұхбат беруші туралы ізденуіне тура келеді. Бұлда өз кезегінде біліміне білім қосатын білім берудің әдісі. Тағы бір мысал: студенттерге алдын ала бір кітапты оқып келуге тапсырма беріледі. Келесі сабақта сол кітап төңірегінде студенттермен сұхбат алуға, ойларын білуге осы сұхбат алу әдісін қолданып келемін.

YouTube – каналынан мәдениет, өнер, әдебиет, руханиятқа қатысты сұхбаттарды көруде өте әсерлі. Сұхбаттарды көру барысында студенттердің білімі толығырақ түседі. Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде, интернетте кәсіби тұрғыдан сұхбат алушылар саны көбеюде.

### **Талқылауға арналған сұрақтар?**

1. Елімізге белгілі өнер, мәдениет қайраткерлерінен сұхбат алыңыз?
2. Өміріңізде кімнен сұхбат алуды армандайсыз?
3. *Сыншы, кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың Нұртілеу бағдарламасына берген сұхбатын көріп, алған әсеріңізбен бөлісіңіз.* <https://www.youtube.com/watch?v=R64kEu-IGZY&t=149s>